

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ
Көсембай негізгі мектебі

**2022 – 2023 оқу жылы бойынша психологиялық қызметтің
жүргізген жұмыстарына ақпарат**

**2022 – 2023 оқу жылында білім беру процесіне
қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін
жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында психологиялық
қызметтің жылдық жоспар құрылып, бірнеше әдістемелер
өткізіліп, нәтижесі шығарылды.**

**Қыркүйек айында 6-9 сынып оқушыларынан агрессия
түрлерін анықтауға арналған Басса-Дарки сауалнамасы
алынды. Нәтижесі қалыпты, агрессия белгісі анықталған жоқ.
1 сынып оқушыларының мектепке оқуға бейімделуін анықтау
мақсатында «Керн Иерасек» әдістемесі алынып, нәтижесі
шығарылды. «Менің класым» жобалау тесті алынды.**

**Оқушылар бейімделген, мұғаліммен қарым-қатынасы жақсы.
5 сынып оқушыларымен мұғаліммен қарым-қатынасын
анықтау мақсатында «Із кесуші» психологиялық акциясы
өткізілді. Оқушылар белсенділікпен қатысты.**

**Қазан айында 5, 9 сынып оқушыларынан Лусканов
бойынша «Мектептік мотивация» сауалнамасы алынды. 5
сынып оқушыларынан орта буынға бейімделуін анықтауға
арналған «Ағаш тесті» алынды. Қорқыныш, стресс, депрессия
деңгейін анықтау мақсатында 8-9 сынып оқушыларынан Дасс
сауалнамасы, 6,7 сынып оқушыларынан Зунге сауалнамасы
алынды. Нәтижесі қалыпты.**

Орта буын оқушыларының үлкен үзіліс кезінде «Қызықты қоңырау» сәттері ұйымдастырылды.



Оқушылардың қарым-қатынасын нығайту мақсатында 8 сынып оқушыларымен «Калейдоскоп» психологиялық ойыны өткізілді.



Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау мақсатында 6-7 сынып оқушыларынан Р.Гудман сауалнамасы алынды.

Қараша айында 5 сынып оқушыларынан сыныптағы қарым-қатынасты, көшбасшыны анықтау мақсатында социометрия әдісі алынды. Психомоториканы дамыту мақсатында 1-4 сынып оқушыларымен психологиялық жаттығулар өткізілді.



Желтоқсан айында 9 сынып оқушыларынан кәсіби бағдар тесттері бойынша Голланд әдістемесі алынды.

Отбасы күніне орай ата-аналармен балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастарын нығайту, отбасындағы эмоционалдық байланысты үйлестіру. Бала құқығы туралы білімдерімен бөлісу, дамыту мақсатында «Құқықтық тәрбие қалыптастырудағы ата-ананың рөлі» тақырыбында тренинг өткізілді. 5-6 сынып қыз балаларымен қыз балалардың бойындағы жағымды қасиеттерін шыңдау, әр сынып қыздарының арасында достық қарым-қатынас орнату мақсатында «Қыз инабаттылығымен әдемі, әдептілігімен сәнді» тақырыбында тренинг өткізілді.





«Бақытты бала отбасы айнасы» акциясы бойынша 5 сыныппен «Біз бақытты баламыз» атты тренинг, 1-4 сынып оқушыларымен «Бақытты балалық шақ» атты сурет салу, 6-7 сынып оқушылары «Бақытты бала» тақырыбында газет шығару жұмыстары болды.



Ата-аналармен «Бақыт мекені-отбасы» тақырыбында онлайн жұмыс өтті. 5 сынып оқушыларымен зорлық – зомбылық туралы мәлімет беру, түрлерін айту, бір-біріне әрқашан көмек беруге тәрбиелеу мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында психологиялық сабақ өткізілді. Ұжым арасындағы қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден, ойдан арылту мақсатында «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» тақырыбында ұстаздармен тренинг өтті.



**Жоспар бойынша жұмыстар уақытылы өткізілді. Өмірдің қиын жағдайына тап болғандар жоқ.
Қаңтар айында 6-9 сынып оқушыларынан Басса- Дарки әдістемесі алынды. Мақсаты: Агрессия түрін анықтау.
Бастауыш сынып оқушыларымен түзету-дамыту жұмыстары жүзеге асырылды.
5-8- сынып оқушыларымен «Ұйқыдағы қала».**



9- сынып оқушыларымен «Емтихан» іскерлік ойыны ұйымдастырылды.



Ақпан айында 5-7 сынып оқушыларынан Гудман сауалнамасы алынды. Бастауыш сынып оқушыларымен түзету- дамыту жұмыстары жүргізілді.



Наурыз айында 8-9 сынып оқушыларынан DASS сауалнамасы алынды, оң көрсеткішке ие болды, жартылай сұхбатқа шақырылған оқушы болған жоқ. Сәуір айында педагогтермен психологиялық тренингтер ұйымдастырылды.



Мамыр айында жылдық жұмыс қорытындыланып, талқыланды.

Мектеп психологы: Р.Қ. Шутенова

